

**Бейкутова Арайлым Муратбековнаның «8D01721 – Шетел тілі педагогтарын даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ журналистердің шеттілдік медиакоммуникативті құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына берілген**

## **ПІКІР**

Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс болашақ журналистердің шеттілдік медиакоммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру мәселесіне арналған және қазіргі жоғары білім беру жүйесіндегі өзекті ғылыми-әдістемелік бағыттардың бірі болып табылады. Зерттеу жұмысы қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында болашақ журналист мамандарын кәсіби даярлаудың мазмұнын жетілдіру қажеттілігімен сипатталады. Медиа саласының қарқынды дамуы, цифрлық технологиялардың білім беру кеңістігіне кеңінен енуі және халықаралық коммуникацияның күшеюі журналист мамандарына қойылатын талаптарды жаңа деңгейге көтеруде. Осы тұрғыдан алғанда зерттеу тақырыбының өзектілігі мен практикалық маңызы айқын көрінеді.

Диссертациялық жұмыста болашақ журналистердің кәсіби даярлығында шетел тілін меңгерумен қатар медиамәтіндерді талдау, ақпаратты саралау, цифрлық ортада кәсіби коммуникация жүргізу және медиаресурстарды тиімді пайдалану дағдыларының маңыздылығына назар аударады. Зерттеудің мазмұны кәсіби бағыттылығымен және қазіргі білім беру талаптарына сәйкестігімен ерекшеленеді.

Диссертацияда ұсынылған жаттығулар кешені студенттердің кәсіби қызығушылығын ескеріп, олардың медиаконтентпен жұмыс істеу, ақпаратты талдау, шетел тіліндегі кәсіби коммуникацияны жүзеге асыру дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар зерттеу жұмысында интерактивті оқыту әдістері мен заманауи цифрлық технологияларды қолдану ерекшеліктері тиімді қарастырылған.

Диссертациялық жұмыс практикалық құндылығымен ерекшеленеді. Зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарының журналистика және шетел тілі бағытындағы білім беру бағдарламаларында қолдануға лайық және болашақ журналистердің кәсіби даярлығын жетілдіруге маңызды үлес қосады.

Жалпы алғанда, Бейкутова Арайлым Муратбековнаның диссертациялық жұмысы өзекті ғылыми мәселені қамтитын, тәжірибелік маңызы жоғары зерттеу жұмысы болып табылады.

**«Alash book» баспасының директоры: Тұрсын А.Ж.**

